

Бекбаева Малика Фархатовнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынып отырған «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Ұлттық рухани құндылықтарды сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізу – қазіргі білім беру жүйесінің аса маңызды міндеттерінің бірі. Әсіресе бастауыш мектепте баланың дүниетанымы мен көзқарасы қалыптасатын кезеңде ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысы ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, Бекбаева Малика Фархатовнаның диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпты қозғайды және болашақ мұғалімдерді ұлттық рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағытталған кәсіби даярлық жүйесін ғылыми тұрғыдан талдауға бағытталған.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны жүйелі құрылып, қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес дәйекті орындалған. Зерттеудің теориялық негіздері ретінде философиялық, психологиялық, педагогикалық және этнопедагогикалық еңбектерге терең талдау жүргізілген. Автор ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтардың мәнін ашып, оларды болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесіне енгізудің қажеттілігін ғылыми негіздеген.

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығын арттыруға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель жасалып, оның өлшемдері мен көрсеткіштері анықталған. Бұл модельдің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеріліп, алынған нәтижелер сапалық және сандық әдістер арқылы қорытындыланған.

Диссертацияда алынған нәтижелердің ішкі қисындылығы мен тұтастығы сақталған. Зерттеу барысы нақты ғылыми әдістерге сүйене отырып, практикалық мәні бар қорытындылар мен ұсыныстармен аяқталған. Автор оқу үдерісіне енгізуге болатын элективті курс бағдарламаларын әзірлеп, олардың мазмұнын ұлттық тәрбие мен құндылықтарға негіздеп ұсынған.

Зерттеу нәтижелері республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларда баяндалып, Scopus базасына енген басылымдарда және ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланған.

Бекбаева Малика Фархатовна ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында өзін мақсаткер, жауапты, ізденімпаз, ғылыми ойлау мәдениеті қалыптасқан жас ғалым ретінде танытты. Ол педагогикалық теория мен практиканы шебер ұштастыра отырып, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған тиімді жолдарды ғылыми тұрғыда ұсынды.

Қорыта келе Бекбаева Малика Фархатовнаның «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұны мен орындалу сапасы жағынан жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен талаптарға толықтай сәйкес келеді және 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші:

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Педагогика және психология факультетінің
профессоры, педагогика ғылымдарының
докторы



Қ.Т. Ыбыраимжанов